

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 20 қаңтар. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.20. N 137-1 Заңымен. ~ Z970137

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы Z934000_ 1992 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңды қаржымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын;

Қазақстан Республикасының заң актілерін осы Заңға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізісін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңға сәйкес келтірсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті өздерінің нормативтік актілерін осы Заңға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Кеңесінің Төрағасы